



# ПРИОЗЕРСКИЙ

# Вестник

№ 52/748

31 декабря 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

Кел, Жаңа Жыл!!!

## ҚАЛАНЫҢ БАС ШЫРШАСЫ ОТТАРЫН ЖАҚТЫ



28-желтоқсан күнгі кешкі сағат 18.00-де Приозерск қаласының орталық алаңына орнатылған қаланың бас шыршасының алаулаған оттары жағылып, қала тұрғындарының қатысуында шыршаның ашылу салтанаты басталды. Қала әншілері Гаухар мен Жұлдыздың орындауындағы «Жаңа жыл» әнінің ырғағымен.

*«Құтты болсын Жаңа жыл, барица халық!*

*Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық!*

*Бірімізге шынайы тілек тілеп,*

*Бар әлемге бақытпен жар салайық!..*

деген жыр жолдары оқылып, жүргізушілердің ақ тілегі ағылды.



«Қайырлы кеш құрметті Приозерск қаласының тұрғындары! Қалалық шыршаны жағу рәсіміне хош келдіңіздер! Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын



жүрегімізден құттықтаймыз! Жаңа жыл әрбі-ріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін дейміз!.. Мерекелік кеште сіздерге әсем ән мен би, мерекелік көңіл күй сыйлаймыз! Қалалық шыршамыздың шамдарын жағу үшін Аяз ата мен Ақшақарды, ертегі кейіпкерлерін және құрметті қонақтарды күтеміз.

Музыка қойылып, көңілді жануарлар ортаға шығып, флешмоб билегеннен кейін, мерекелік кештің басты кейіпкерлері Аяз ата мен Ақшақардың салтанатты кешке жақындап қалғаны жарияланды. Жиылған жұрттың дауыстап Аяз ата мен Ақшақарды

шақыруымен ортаға қос кейіпкер шықты. Осы сәтте Шыршаның шамы жанып, әсем әуен ойнайды. Мерекелік құттықтау үшін қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев шақырылып, қала тұрғындарын, шырша маңын қоршаған балаларды жақындап қалған Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Жиылғандар алдында 10-Сарышаған сынақ алаңының бастығы, 03080 әскери бөлімінің командирі, полковник Казаков Алексей Викторович құттықтау сөз сөйледі.

Мерекелік жаңа жылдық атмосфераны құру мақсатында 21-28-желтоқсан аралығында «Жаңа жылдық ертегі» қалалық байқауы өтіп, оған барлық меншік нысанындағы ұйымдар қатысқан болатын. Осы конкурстың



жеңімпаздары ақшалай сыйлықтар және сертификатпен марапатталды. Жаңа жыл-



дық шыршаның ашылу салтанатында әртүрлі ойындар ұйымдастырылып, Жаңа жылдық таппақ, өлең оқыған балақайлар сыйлықтарға ие болып, қуаныштан шағанды. Алаң төріндегі мінберден қала өнерпаздарының шыраған әндер қаланың түнгі аспанында қалқыды. Қала түнін түрлі-түсті жарыққа бөлеп көкке шапшыған отшашу балалар түгілі, үлкен кісілердің жанарын қарық-тырып, қаланы сән-салтанатқа бөлеген еді. Жаңа жылдық шыршаның ашылу салтанаты өзінің керемет көрінісімен қала тұрғындарының, әсіресе балалардың есінде ұзақ уақытқа шейін сақталып қаларына сөз жоқ. Себебі мұндай ғажайып кеш бүгінге дейін болмаған.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.**

*Суреттерде: Салтанаттан көріністер*

### Қуанышты хабар

Кіріп келгелі тұрған Жаңа жыл қарсаңында – 28-желтоқсан, сейсенбі



күні Приозерск қаласының Кисунько көшесіндегі 1Б үйдің бірінші қабатында

## ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН АШЫЛДЫ

әлеуметтік дүкеннің ашылу рәсімі болып өтті. Түрлі-түсті шарлармен безендірілген ауқымды бөлменің іші құдды мерекелік шараны көзге елестетеді. Аталған дүкенді қаламыздың жеке кәсіпкері Жібек Өмірбекқызы Шпекбаева «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуы және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021-жылдарға арналған бағдарламасы аясында 583,0 мың тенге көлемінде грант қаржысын алып және өз қаражатын қосып, ашып отыр. Бұл дүкенде тұрғындар үшін тиімді болған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарық бағасынан 10-12% төмен бағамен сатылатын болады.

«Қайырлы күн, құрметті қонақтар, әріптестер! Бүгін біз қаламызда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және төмен бағадағы азық-түлікті қол жетімді ету мақсатындағы әлеуметтік дүкенінің ашылу салтанатына жиналып отырмыз. Иә, халық қамы үшін азық-түлік бағасын тұрақтандыру – басты міндеттердің бірі. Бұл орайда әлеуметтік дүкендер де өз септігін тиігізіп келеді. Бұл өз өнімін тікелей нарыққа шығаратын өндірушіге де, теңгесін үнемдейтін тұтынушыға да тиімді», - деп бастаған жүргізушінің сөзінен кейін ашылу салтанатының құттықтау сөзі қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевқа берілді.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.**

*Суретте: дүкеннің ашылуынан көрініс.*

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған ашық сабақ ұйымдастырылып өткізілді.

Білім ошағының 1 «ә» және 1 «г» бастауыш сыныптарының оқушылары өз ойларымен бір арнада тоғысты. «Тәуелсіздік – еліміздің ерлік жолы» тақырыбындағы ашық сабақта оқушылар асқан белсенділік танытты.

Алдымен, заманауи интерактивті тақтада бастауыш сынып оқушыларына «Тәуелсіз еліміз – ерлік жолы» атты деректі фильм көрсетілді. Бұл көрсетілімде Тәуелсіз Қазақстанның отыз жыл ішіндегі қарқынды дамуы, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміздің халықаралық аренадағы жеткен жетістіктері қамтылған.

Келесі кезекте біріктірілген сынып оқушыларының кең байтақ Қазақстанның Тәуелсіздікке жету жолына арналған өлең шумақ-

## ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМІЗ!

тарына құлақ түрілді. Тақта алдына шыққан оқушы Амина Назар:

*Көк байрақ – көк аспан,*

*Алтын күн нұр шапқан.*

*Әлемге танылды –*

*Тәуелсіз Қазақстан,* - деп бастаса, Темірлан Әбдікүл есімді оқушы:

*Егемен елдің ұлымын,*

*Ертеңгі күннің нұрмын.*

*Отанын сүйген азамат,*

*Болатындардың бірін,* - деп жалғады.

Сонымен қатар оқушы Ақжан Медет:

*Көк байрағы желбірен,*

*Асқақтай түсті аспандай.*

*Бақыттың таңы мөлдiрен,*

*Айнала нұрын шапқандай,* - деп тебіренсе, оқушы Нұртас Қанат:

*Тәуелсіздік көркі ол да,*

*Өркениет төрінде.*

*Нұр төгеді Елтаңба,*

*Ақ Орданың төрінде,* - деп өрбітіп, оқушы



Алинұр Полат:

*Елтаңбасы еліміз,*

*Ортасында шаңырақ.*

*Мемлекеттік Туымен,*

*Күн шығып тұр жарқырап,* - деп, жырлады.

Ашық сабақ барысында сынып оқушыларының топтық жұмыстарына баға берілді. «Тәуелсіздік», «Азаттық жолы» және «Еге-

### Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл!

менді ел» атты үш топтағы Қазақстанның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған сөйлем құрау мен сұрақ-жауап сайысында «Тәуелсіздік тобы асқан белсенділік танытты.

«Тәуелсіздік – еліміздің ерлік жолы» тақырыбындағы ашық сабағын Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «1 жалпы білім беретін мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Фатима Амантаева мен мектептің «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы Тілек Кенжебеков бақылап отырды.

Тәрбиелік мәні бар ашық сабақтың мақсаты мектептегі білім алып жүрген оқушыларды өз Отаны – Тәуелсіз Қазақстанды сүйуге, оларға патриоттық тәрбие бере отырып отансүйгіштікке баулу және ел егемендігін баянды ету болып табылады.

**Р.Жуманиязова, А.Кадирова,**

*Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің №1 жалпы білім беретін мектебі" КММ 1 "ә" және 1 "г" сыныптарының жетекшілері*